

2013 жылға субсидия алушылардың тізіміне қосуға арналған өтінімдерді ұсыну мерзімдерін және ауыл шаруашылығы дақылдарын оңтайлы себу мерзімдерін анықтау туралы

Қостанай облысы Қостанай ауданы әкімдігінің 2013 жылғы 3 мамырдағы № 296 қаулысы. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2013 жылғы 17 мамырда № 4133 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31-бабына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 4 наурыздағы № 221 қаулысымен бекітілген, Өсімдік шаруашылығы өнімінің шығымдылығы мен сапасын арттыруға жергілікті бюджеттерден субсидиялау қағидасының 12-тармағына сәйкес, Қостанай ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Субсидия алушылардың тізіміне қосуға арналған өтінімдерді ұсыну мерзімдері 2013 жылдың 11 маусымына дейін белгіленсін.

2. Осы қаулының қосымшасына сәйкес 2013 жылға субсидияланатын басым ауыл шаруашылығы дақылдарының әрбір түрі бойынша оңтайлы себу мерзімдері анықталсын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Ф. Аракелянға жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі және 2013 жылдың 25 сәуірінен бастап туындаған қатынастарға таратылады.

Аудан әкімі

А. Ахметжанов

Әкімдіктің

2013 жылғы 3 мамырдағы

№ 296 қаулысына

қосымша

2013 жылға субсидияланатын басым ауыл шаруашылығы дақылдарының әрбір түрі бойынша оңтайлы себу мерзімдері

№	Ауыл шаруашылығы дақылдарының атауы	Себу мерзімдері
1	Жазғы бидай	15 мамырдан бастап 5 маусымға дейін
2	Күздік бидай	25 тамыздан бастап 10 қыркүйекке дейін

3	Күздік кара бидай	25 тамыздан 10 қыркүйекке дейін	бастап
4	Сұлы	15 мамырдан 5 маусымға дейін	бастап
5	Арпа	15 мамырдан 5 маусымға дейін	бастап
6	Тары	15 мамырдан 5 маусымға дейін	бастап
7	Қарақұмық	15 мамырдан 5 маусымға дейін	бастап
8	Бұршақ тұқымдас дақылдар	15 мамырдан 5 маусымға дейін	бастап
9	Майлы дақылдар	15 мамырдан 30 мамырға дейін	бастап
10	Картоп	10 мамырдан 5 маусымға дейін	бастап
11	Көкөністер	25 сәуірден 10 маусымға дейін	бастап
12	Бақша дақылдары	25 сәуірден 10 маусымға дейін	бастап
13	Жемшөп дақылдары	15 мамырдан 10 маусымға дейін	бастап
14	Бірінші, екінші және үшінші өсу жылдарындағы тұқымдас көпжылдық шөптер	бірінші мерзім 1 мамырдан бастап 31 мамырға дейін, екінші мерзім 5 шілдеден бастап 10 қыркүйекке дейін	
15	Шабындық шалғындандыру үшін көпжылдық шөптер	жерлерді егілген бірінші мерзім 1 мамырдан бастап 31 мамырға дейін, екінші мерзім 5 шілдеден бастап 10 қыркүйекке дейін	
16	Сүрлемдік жүгері мен күнбағыс	15 мамырдан бастап 31 мамырға дейін	

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК